

Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне өзгерістер енгізу туралы

Жоғары Еуразиялық экономикалық Кеңестің 2023 жылғы 25 желтоқсандағы № 23 шешімі

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес шешті:

1. Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілсін.

2. Осы шешім ресми жарияланған күннен бастап, бірақ Еуразиялық экономикалық одақ туралы 2022 жылғы 31 наурызда қол қойылған 2014 жылғы 29 мамырдағы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттама күшіне енген күнінен ерте емес күшіне енеді.

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің мүшелері:

Армения Республикасынан	Беларусь Республикасынан	Қазақстан Республикасынан	Қырғыз Республикасынан	Ресей Федерациясынан
----------------------------	-----------------------------	------------------------------	---------------------------	-------------------------

Жоғары Еуразиялық
экономикалық кеңестің
2023 жылғы 25 желтоқсандағы
№ 23 шешіміне
ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне енгізілетін өзгерістер

1. 1-тармақтағы "және Одаққа мүше мемлекеттермен (бұдан әрі - мүше мемлекеттер) өзара іс - қимыл жасау" деген сөздер "Одақтың жұмыс істеуі мен дамуына байланысты мәселелер бойынша Одаққа мүше мемлекеттер арасында жасалатын халықаралық шарттардың жобаларын (бұдан әрі тиісінше - Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттар, мүше мемлекеттер), Комиссия қабылдаған шешімдердің нақты әсерін бағалау және мүше мемлекеттермен өзара іс - қимыл жасау".

2. 2-тармақтағы ", Одақтың жұмыс істеуі мен дамуына байланысты мәселелер бойынша мүше мемлекеттер арасында жасалатын (бұдан әрі – Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттар)" деген сөздер "Одақ шеңберінде" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. 22-тармақтың он екінші абзацының екінші сөйлеміндегі ", Комиссия мен бизнес-қоғамдастық арасындағы тұрақты өзара іс - қимылды жүзеге асыру үшін мүше мемлекеттер құрған бизнес-диалогпен (бұдан әрі-бизнес-диалог) айқындалған" деген сөздер алып тасталсын.

4. 69-тармақтың он төртінші абзацының екінші сөйлеміндегі "бизнес-диалогпен айқындалған" деген сөздер алып тасталсын.

5. 142-тармақтың 15-тармақшасы ", мемлекеттік бағалық реттеудің мерзімін ұзартуды келісу туралы, мемлекеттік бағалық реттеудің мерзімін ұзартуды келісуден бас тарту туралы" деген сөздермен толықтырылсын.

6. 156-тармақтың үшінші абзацындағы ", бизнес диалогпен айқындалған" деген сөздер алып тасталсын.

7. 165-тармақтың бесінші абзацындағы "бизнес-диалогтың" деген сөз "әрбір мүше мемлекеттің бизнес-қоғамдастығының" деген сөздермен ауыстырылсын.

8. 167-тармақтағы "бизнес-диалогтың" деген сөз "әрбір мүше мемлекеттің бизнес-қоғамдастығынан" деген сөздермен ауыстырылсын.

9. IX бөлімнің 4-бөлімшесінің атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Комиссия шешімдері жобаларының және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттар жобаларының реттеуші әсерін бағалау рәсімдерін жүргізу және Комиссия қабылдаған шешімдердің нақты әсерін бағалау мониторингі туралы есеп".

10. 171-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"171. Комиссия шешімдері жобаларының және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттар жобаларының реттеуші әсерін бағалау және Комиссияның 0 - ережесінің 24-тармағының 5-тармақшасында көзделген Комиссия қабылдаған шешімдердің нақты әсерін бағалау рәсімдерін жүргізу мониторингі туралы Комиссияның есебін (бұдан әрі-есеп) дайындауды жиынтық департамент есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 ақпанына дейін 2 жылда 1 рет жүзеге асырады."

11. 172-тармақта:

а) бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"172. Есепте мынадай ақпарат болуы керек:";

б) мынадай мазмұндағы 3 және 4-тармақшалармен толықтырылсын:

"3) нақты әсерін бағалау жүргізілген Комиссия шешімдерінің саны және оны жүргізу нәтижелері туралы;

4) осы Регламенттің XI бөліміне сәйкес реттеушілік әсерді бағалау жүргізілген кәсіпкерлік қызметті жүргізу шарттарына әсер етуі мүмкін Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттар жобаларының саны және оны жүргізу нәтижелері туралы."

12. 173-тармақта:

а) бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"173. Есеп қосымша мыналарды қамтуы мүмкін:";

б) 1 - 3-тармақшалар "әсер ету" деген сөзден кейін "және нақты әсерін бағалау" деген сөздермен толықтырылсын.

13. 174 және 175-тармақтардың мәтіні бойынша тиісті септіктегі "реттеуші әсерін бағалауды жүргізу мониторингі туралы жыл сайынғы есеп" деген сөздер тиісті септіктегі "есеп" деген сөзбен ауыстырылсын.

14. Мынадай мазмұндағы X және XI бөлімдермен толықтырылсын:

"X. Комиссия қабылдаған шешімдердің нақты әсерін бағалау

1. Комиссия қабылдаған шешімдердің нақты әсерін бағалау объектілері, сипаттамалары және кезеңдері

176. Кәсіпкерлік қызметті жүргізу жағдайларына ықпал ететін комиссияның қабылданған шешімдеріне қатысты нақты әсерін бағалау (бұдан әрі - нақты әсерін бағалау) жүргізіледі.

Нақты әсерін бағалау Комиссияның қабылданған шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы Комиссияның шешімдерін қоспағанда, жаңа реттеуді енгізуді, оның ішінде нормативтік сипаттағы құжаттарды (мысалы, қағидаларды, тәртіптерді, нұсқаулықтарды) бекітуді көздейтін Комиссия шешімдерінің қолданыстағы редакцияларына қатысты жүргізіледі.

Нақты әсерін бағалау, қағида бойынша, осы Регламенттің 178 – 180-тармақтарының ережелерін ескере отырып, Комиссияның тиісті шешімінің қолданылуының әрбір 3 жыл өткеннен кейін жүргізіледі.

Нақты әсерін бағалауды жүргізуді әдістемелік қамтамасыз етуді және консультациялық сүйемелдеуді жиынтық департамент жүзеге асырады.

177. Осы бөлімнің ережелері жобаларына қатысты реттеуші әсерді бағалау жүргізілмеген немесе осы регламенттің 142-тармағының негізінде талап етілмейтін Комиссияның шешімдеріне, сондай-ақ санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шараларды қолдану саласындағы Комиссияның шешімдеріне қолданылмайды.

Комиссияның Одақтың техникалық регламенттерін қабылдау, оларға өзгерістер енгізу немесе олардың күшін жою туралы шешімдеріне, Комиссияның халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттардың тізбелерін, ал олар болмаған жағдайда - қолдану нәтижесінде Одақтың техникалық регламенттерінің талаптарын және олардың тізбелерін ерікті негізде сақтау қамтамасыз етілетін ұлттық (мемлекеттік) стандарттардың тізбелерін бекіту туралы шешімдеріне қатысты халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттар, ал олар болмаған жағдайда - зерттеулер (сынақтар) мен өлшеулердің қағидалары мен әдістері, оның ішінде одақтың техникалық регламенттерінің талаптарын қолдану және орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидалары қамтылған ұлттық (мемлекеттік) стандарттар, нақты әсерін бағалау Одақтың техникалық регламенттерінің ғылыми-техникалық деңгейіне мерзімді бағалау жүргізу тәртібімен айқындалған кезеңдерден (рәсімдерден) және оларға Кеңес бекітетін стандарттар тізбесінен тұрады.

178. Нақты әсерін бағалауды жүргізу кезектілігін Комиссияның қабылданған шешімінің жобасын дайындауға жауапты Комиссия департаменті (бұдан әрі - жауапты

департамент) Комиссияның қабылданған шешімдеріне қатысты бірінші кезектегі тәртіппен нақты әсерін бағалауды жүргізу қажеттілігін негізге ала отырып, мынадай өлшемшарттарға сәйкес айқындайды:

1) Комиссия шешімдерін қолдану саласы қолданылатын реттеу адресаттарының саны (кәсіпкерлік қызмет субъектілері);

2) мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдары мен кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің Комиссия шешімдерін қолдануға қатысты және олардың кәсіпкерлік қызметті жүргізу жағдайларына нақты әсер етуіне байланысты мәселелердің болуы (болмауы) және олардың саны;

3) кәсіпкерлік қызмет субъектілері үшін Комиссия шешімдерінде көзделген міндеттердің, шектеулердің және (немесе) тыйымдардың, оның ішінде реттеуші талаптардың және (немесе) рәсімдердің көлемі, сондай-ақ кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің оларды орындауға жұмсаған шығыстары мен өзге де шығындарының көлемі;

4) Комиссияның қабылданған шешімдері шешуге бағытталған мәселелердің маңыздылығы (жекелеген салалардағы реттеу ерекшеліктерін ескере отырып).

179. Комиссиямен өзара іс-қимыл жасауға уәкілеттік берілген мүше мемлекеттің мемлекеттік билік органынан Комиссияға осындай бағалауды жүргізу қажеттігін негіздей отырып, Комиссия қабылдаған шешімнің нақты әсеріне бағалау жүргізу туралы ұсыныс келіп түскен жағдайда жауапты департамент күнтізбелік 30 күн ішінде нақты әсерін бағалаудың тиісті рәсімін жүргізуді бастауды қамтамасыз етеді.

180. Жиынтық департаменттің осы қажеттілікті негіздей отырып, нақты әсерін бағалауды жүргізу қажеттілігі туралы ұстанымы болған жағдайда тиісті мәселе жұмыс тобының отырысында қаралуға тиіс.

Егер жауапты департамент пен жиынтық департамент арасында жұмыс тобының отырысын өткізу нәтижелері бойынша нақты әсерін бағалауды жүргізу қажеттілігі туралы мәселе бойынша келісімге қол жеткізілмеген жағдайда, осы мәселе бойынша шешімді Алқа қабылдайды.

181. Нақты әсерін бағалау Комиссияның шешімдерін қолдану практикасын ескере отырып, оларды әзірлеу кезінде мәлімделген реттеу мақсаттарына қол жеткізу және Комиссия шешімдерінің ережелерінде болу фактісін анықтау немесе осы ережелерге байланысты Одақтың ішкі нарығында тауарлардың, қызметтердің, капиталдың және жұмыс күшінің еркін қозғалысына шамадан тыс шектеулер, кедергілер туындаған кезде жүргізіледі.

182. Нақты әсерін бағалау Комиссияның қабылданған шешімдерінде мынадай ережелерді анықтау мәнінде жүргізіледі:

1) оларды практикалық қолдану кезінде құқықтық белгісіздік тудыратын әртүрлі реттеуші талаптар және (немесе) рәсімдер;

2) Одақ туралы шарттың, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттардың, Одақтың үшінші тараппен халықаралық шарттарының, Жоғары кеңестің және (немесе) Үкіметаралық кеңестің актілерінің ережелеріне сәйкес келмейтін, сондай-ақ олар көздеген белгілі бір саладағы реттеу мақсаттарына сәйкес келмейтін немесе белгілі бір саладағы реттеу мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз етпейтін, оның ішінде ресми сипаты бар немесе Одақ органдары актілерінің ережелері арасында қайшылықтар туғызатын реттеуші талаптар және (немесе) рәсімдер;

3) іс жүзінде қолданылмайтын (талап етілмейтін) реттеуші талаптар және (немесе) рәсімдер;

4) қайталанатын реттеуші талаптар және (немесе) рәсімдер;

5) оларды орындау үшін қажетті ресурстардың жеткіліксіздігіне байланысты іске асырылмайтын реттеуші талаптар және (немесе) рәсімдер;

6) қолданыстағы реттеумен салыстырғанда реттеудің неғұрлым тиімді нұсқасын таңдау мүмкіндігі бар реттеуші талаптар және (немесе) рәсімдер;

7) кәсіпкерлік қызметті жүргізу жағдайларына теріс әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін өзге де ережелер.

183. Нақты әсерін бағалау келесі кезеңдерден тұрады:

1) ағымдағы бағалау – мүше мемлекеттердің бизнес-қауымдастықтарының өкілдерімен және шаруашылық жүргізуші субъектілерімен жария консультациялар өткізу және олардың қорытындыларын шығару;

2) қорытынды бағалау – нақты әсерін бағалау туралы қорытынды дайындау.

2. Нақты әсерін ағымдағы бағалау

184. Комиссия шешімінің кәсіпкерлік қызметті жүргізу шарттарына әсер етуінің нақты салдарына сараптамалық баға алу мақсатында, оның ішінде осы Регламенттің 182-тармағында көзделген ережелерді анықтау бөлігінде жауапты департамент мүдделі тұлғалар үшін мәселелер тізбесін қамтитын сауалнама жасайды.

Сауалнама комиссиядағы ішкі құжат айналымы қағидаларында белгіленген нысан бойынша жасалады.

185. Нақты әсерін бағалау шеңберінде жария консультацияларды ұйымдастыру мақсатында жауапты департамент Одақтың ресми сайтында Комиссияның қабылданған шешімін және оған қатысты нақты әсерін бағалауды жүргізу туралы хабардар ете отырып, сауалнаманы орналастыруды жүзеге асырады.

Жария консультациялар өткізу Одақтың ресми сайтында Комиссияның қабылданған шешімін, оған қатысты нақты әсерін бағалауды жүргізу туралы ақпаратты, сондай-ақ сауалнаманы орналастырған күннен басталады.

186. Жауапты департамент Комиссияның қабылданған шешімін және сауалнаманы Одақтың ресми сайтында орналастырылған күннен бастап күнтізбелік 5 күн ішінде

жазбаша түрде, оның ішінде электрондық поштаны пайдалану арқылы жария консультациялар өткізудің басталғаны туралы хабарлайды:

жиынтық департамент және жұмыс тобының мүшелерін;

әрбір мүше мемлекеттің бизнес-қоғамдастығынан үйлестірушілерді;

консультативтік органның құрамына енгізілген бизнес-қоғамдастықтың, ғылыми және қоғамдық ұйымдардың, өзге тәуелсіз сарапшылардың өкілдерін;

жауапты департаменттің пікірінше нақты әсерді бағалауға тартқан жөн болатын өзге тұлғаларды.

Аталған тұлғаларға ақпарат жіберіледі:

Комиссияның қабылданған шешімін Одақтың ресми сайтында орналастыру орны туралы, оған қатысты оның нақты әсерін бағалау туралы ақпаратпен, сондай-ақ сауалнамамен (толық электрондық мекенжайлармен (гиперсілтемелермен));

жауапты департамент толтырылған сауалнамаларды қабылдайтын жария консультациялар өткізу мерзімі және оларды ұсыну тәсілі туралы (Одақтың ресми сайтының тиісті сервисін пайдалана отырып, қағаз жеткізгіштерде және (немесе) электрондық пошта арқылы).

187. Жария консультациялардың мерзімі Комиссияның қабылданған шешімін Одақтың ресми сайтында оның нақты әсерін бағалауға қатысты өткізу туралы ақпаратпен, сондай-ақ сауалнаманы орналастырған күннен бастап күнтізбелік 60 күннен кем болмауы тиіс.

188. Жауапты департамент жария консультациялар өткізу барысында келіп түскен толтырылған сауалнамаларды, сондай-ақ ескертулер мен ұсыныстарды қарайды (еркін нысанда).

189. Жауапты департамент мүдделі тұлғаларды ақпараттандыру мақсатында, жария консультациялар өткізу мерзімі аяқталған күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде Комиссиядағы ішкі құжат айналымы қағидаларында белгіленген нысан бойынша Одақтың ресми сайтында сауалнамада қамтылған сұрақтарға жауаптарды жинақтау нәтижелері бойынша пікірлердің жиынтығын, сондай-ақ жария консультациялар өткізу барысында келіп түскен ескертулер мен ұсыныстарды орналастырады (бұдан әрі - пікірлер жиынтығы).

3. Нақты әсерін қорытынды бағалау

190. Нақты әсерін бағалау жүргізілетін Комиссияның шешімін, сауалнаманы және пікірлер жиынтығын жауапты департамент жиынтық департаментке және жұмыс тобының мүшелеріне нақты әсерді бағалау туралы қорытынды дайындау үшін жібереді .

191. Жұмыс тобы жауапты департаменттен Комиссияның шешімі, сауалнамалар мен пікірлер жиынтығы келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде нақты әсерін бағалау туралы қорытынды дайындауды қамтамасыз етеді.

Нақты әсерін бағалау туралы қорытынды дайындау кезінде жұмыс тобы мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары дайындаған Комиссияның осы шешіміне қатысты нақты әсерін бағалау туралы қорытындыларды назарға алады (бар болған жағдайда).

Нақты әсерін бағалау туралы қорытынды дайындау кезінде жұмыс тобы бағалаудың барлық кезеңдерінде бизнес-қоғамдастық пен сараптамалық қоғамдастық өкілдерінен, сондай-ақ өзге де мүдделі тұлғалардан келіп түскен ескертулер мен ұсыныстарды пайдаланады.

Нақты әсерін бағалау туралы қорытындыда мыналар міндетті түрде көрсетілуге тиіс :

Комиссияның қабылданған шешімі бойынша әрбір мүше мемлекеттің бизнес-қоғамдастығынан үйлестірушілердің шоғырландырылған ұстанымы туралы ақпарат (мұндай ұстаным болған жағдайда);

Комиссия қабылдаған шешім бойынша жауапты департаменттің ұстанымы туралы мәліметтер (ол жиынтық департаментке келіп түскен немесе жұмыс тобының отырысында ұсынылған жағдайда).

192. Нақты әсерін бағалау туралы қорытындыға жұмыс тобының басшысы, ал ол еңбекке уақытша жарамсыздығына, демалысына немесе іссапарға байланысты болмаған кезде жұмыс тобының басшысының орынбасары қол қояды.

193. Жиынтық департамент нақты әсерін бағалау туралы қорытындыға қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 3 күннен кешіктірмей оны жауапты департаментке , жұмыс тобының мүшелеріне жібереді, сондай-ақ оны Одақтың ресми сайтында орналастыруды қамтамасыз етеді.

194. Нақты әсерін бағалау туралы қорытындыда көрсетілген Комиссия шешіміне өзгерістер енгізу жөніндегі ұсыныстарды жауапты департамент пен мүше мемлекеттер Комиссияның тиісті шешіміне өзгерістер енгізу туралы Комиссия шешімінің жобасын дайындау кезінде оларды есепке алу мүмкіндігі тұрғысынан қарауға тиіс.

XI. Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттар жобаларының реттеуші әсерін бағалау

195. Кәсіпкерлік қызметті жүргізу шарттарына әсер етуі мүмкін Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттар жобаларының реттеуші әсерін бағалау оларды дайындаудың міндетті кезеңі болып табылады.

196. Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттар жобаларының реттеуші әсерін бағалау мынадай ерекшеліктерді ескере отырып, осы регламенттің IX бөлімінде көзделген тәртіппен жүргізіледі:

1) Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттың жобасы, ақпараттық-талдамалық анықтама және сауалнама парағы жария талқылауды өткізу үшін кемінде күнтізбелік 45 күн ішінде Одақтың ресми сайтында орналастырылады;

2) жария талқылау қорытындысы бойынша әзірлеуші департамент Одақ шеңберінде халықаралық шарт жобасын одан әрі дайындаудан бас тарту туралы шешім қабылдай алмайды;

3) Одақ шеңберінде халықаралық шарт жобасының реттеуші әсерін бағалау туралы қорытындыны дайындауды жұмыс тобы Одақ шеңберінде халықаралық шарт жобасы және оған тіркелген құжаттар жиынтығы келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 20 күн ішінде жүзеге асырады;

4) Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттардың жобаларына қатысты реттеуші әсерді бағалау олар мемлекетішілік келісуді жүргізу үшін мүше мемлекеттерге жіберілгенге дейін жүргізіледі;

5) Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттың жобасы жіберілгенге дейін келіп түскен жағдайда Комиссиямен өзара іс-қимыл жасауға уәкілеттік берілген мүше мемлекеттің мемлекеттік билік органының реттеуші әсерді бағалауды жүргізу қажеттілігі туралы ұстанымын мемлекетішілік келісуді жүргізу үшін келіп түскен жағдайда мұндай бағалауды жүргізу міндетті болып табылады;

6) Одақ шеңберіндегі халықаралық шарт жобасының реттеуші әсерін бағалау туралы қорытынды мүше мемлекеттерге осы халықаралық шарттың жобасын мемлекетішілік келісуді жүргізу үшін жіберумен бір мезгілде ұсынылады.

197. Осы бөлімнің ережелері Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттардың жобаларына қатысты қолданылмайды, мұнда:

- 1) кәсіпкерлік қызметті жүргізу жағдайларына әсер етпейтін;
- 2) бұрын мемлекетішілік келісімді жүргізу үшін мүше мемлекеттерге жіберілген;
- 3) Одақ органдарының қызметін ұйымдастыруға және жұмыс істеуіне қатысты;
- 4) өнеркәсіптік субсидияларды реттеу, бақылау және қолдану мәселелеріне қатысты ;
- 5) техникалық және (немесе) заңдық-техникалық сипатта болатын;
- 6) таралуы шектеулі мәліметтерді қамтитын."